

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті**



**ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫ  
2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫ  
(Кәсіби-шығармашылық факультеті)  
6В01404 «ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ»**



**АҚТӨБЕ, 2026**

Қ.ЖУБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті

Кәсіби-шығармашылық факультеті

«БЕКІТІМНІ»  
Кәсіби-шығармашылық  
факультеті  
Ж.Ж. Қарғбаева  
« \_\_\_\_\_ 2026 ж



ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫ

2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫ

**ББК 65.263.1**

**О - 14**

Элективті модульдер каталогы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Академиялық кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (№6 хаттама, 29 ақпан 2025 ж.).

Элективті модульдер каталогы. 2025-2026 оқу жылы. - Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2025. – 169 б.

Каталог білім беру бағдарламаларының жалпы білім беру, базалық және кәсіптендіру пәндерінің таңдау компоненттері тізбелерінен, таңдау компоненттерінің қысқаша сипаттамаларынан тұрады.

Элективті модульдер каталогы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Кәсіби-шығармашылық факультетінің студенттеріне арналған және мамандықтар бойынша оқу траекториясын анықтау үшін дайындалған.

Баспаға жауаптылар: Өтегенов Н.Ө., Кургамбеков М.С., Нарман П.Қ.

**ISBN 9965-9658-5-6**

о **4309000000**  
**00(05)-05**

© Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2026.  
Ақтөбе қаласы, Ө.Молдағұлова даңғылы, 34

## ТҮСІНІК ХАТ

Элективті модульдер каталогы (ЭМК) Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Академиялық сапаны арттыру департаментінде жасақталды.

Мамандықтар бойынша Типтік оқу жоспарларында студенттерге жалпы білім беру, базалық және кәсіптендіру пәндерінің міндетті компоненттерімен қатар таңдау компоненттерінің ауқымы ұсынылады. Каталог білім беру траекториясын анықтауда маңызды құжат болып табылады.

### *Құрметті студент!*

Каталогта Жалпы білім беру (ЖБП), Базалық (БП) және Кәсіптендіру (КП) пәндері циклындағы таңдау компоненттері жинақталған. Сонымен қатар, пәндерді қолданудың бірыңғай жүйесі сақтала отырып, әр таңдау пәнінің шифрі, мақсаты, пререквизиттері мен постреквизиттері, пәннің қысқаша мазмұны, пәнді оқып-меңгеруге бөлінген кредит мөлшері мен оқу семестрі және Дублиндік дескрипторлар мен күтілетін нәтижелер көрсетілген.

Каталог Сізге пәндерге қатысты қажетті мәлімет алуыңызға және өзіңіздің жеке оқу жоспарыңызды дұрыс құруыңызға көмегін тигізеді. Пәндерді таңдау кезінде факультет деканатынан немесе эдвайзерден көмек сұрауыңызға болады.

*Сәттілік тілейміз!*

## **ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫН ЖАСАҚТАУДЫҢ НОРМАТИВТІК НЕГІЗДЕРІ**

1. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР БжҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген. (23.07.2022 жылғы №362 өзгертулермен және толықтырулармен).
2. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесі. ҚР БжҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген (06.05.2021 жылғы №207 өзгертулермен және толықтырулармен).
3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР БжҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген. (29.12.2021 жылғы №614 өзгертулермен және толықтырулармен).
4. ҚР МЖМБС. Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім берудің оқу пәндерін кодтау жүйесі (ҚР МЖМБС. 5.05.001-2005).
5. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Академиялық кеңесінің шешімдері.
6. Элективті пәндер каталогының ережесі (Қ.Жұбанов атындағы АӨУ, 2020 ж.).

**6B01403 – Дене шынықтыру және спорт  
2026-2027 оқу жылы  
Оқу мерзімі: 3 курс**

**Қабылдау жылы: 2024**

<b>Компонент (ЖК/ТК)</b>	<b>Пән коды</b>	<b>Пән атауы</b>	<b>Семестр</b>	<b>Кредит саны</b>
БП ЖК	DShOA 3214	"Дене шынықтыру және спорт " пәнін оқыту әдістемесімен (ЖИ)	5	5
БП ЖК	BBDMK 3215	Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық	5	5
БП ТК	VOA 3216	Волейбол оқыту әдістемесімен	5	5
КП ТК	MSO ( f/g) 3301	Мектептегі спорттық ойындар (футбол, гандбол) (дуалдық оқыту)	5	5
КП ТК	DShSG 3302	Дене шынықтыру және спорт гигиенасы	5	5
КП ТК	SK 3303	Спорттық құрылыстар	5	5
БП ТК	UOOA(d,s h,ut) 3216	Үстел ойындары және оқыту әдістері (дойбы, шахмат, үстел теннисі)	5	5
КП ТК	ZhBSMDS hZhBZhK 3301	Жалпы білім және спорт мекемелерінде дене шынықтыру жұмыстары бойынша жоспарлау құжаттары	5	5
КП ТК	DTKBIBB 3302	Дене тәрбиесі құралдарымен бейімдеу және инклюзивті білім беру	5	5
КП ТК	SGZZhK 3303	Спорттық ғимараттарын замануи жоспарлау және құрылысы	5	5
БП ТК	DShSMM 3217	Дене шынықтыру және спортты менеджменті және маркетингі	6	5
БП ТК	DTTA 3218	Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі	6	5
БП ТК	FOA 3219	Футбол оқыту әдістемесімен	6	5
БП ТК	SUKKPSH B 3217	Спорттық ұжымда қарым-қатынастық психологиясын және шиеліністерді басқару	6	5
БП ТК	ShOOA 3218	Шахматты оқыту және оқыту әдістемесі	6	5
БП ТК	FZhUN 3219	Футболдағы жаттығу үрдісінің негіздері	6	5
КП ЖК	BOТ 3304	Бағалаудың өлшемдік технологиясы (дуалдық оқыту)	6	4
КП ЖК	TOA 3305	Туризм оқыту әдістемесімен	6	5
БП	PP	Педагогикалық практика	6	6

**Модуль 6. Пәндерді оқытудың әдістемесі**

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** "Дене шынықтыру және спорт " пәнің оқыту әдістемесімен (ЖИ)

**Бағдарлама авторы:** Өтегенов Н.Ө.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Болашақ мамандарды дене шынықтыру мен спортты оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерімен таныстыру, оқу-жаттығу үдерісін ғылыми-әдістемелік негізде ұйымдастыруға үйрету және оқу процесінде жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолдану арқылы білім беру сапасын арттыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл курсты оқу барысында «жаңартылған бағдарлама», «мұғалім білімі», «дене тәрбиесі» сияқты ұғымдар қарастырылады. Студенттер дене шынықтырудың міндеттері, мазмұнының формалары және жағдайы туралы ақпарат алады. Дене тәрбиесі сабағында дене тәрбиесінің құралдары мен әдістері және критериалды бағалау туралы білім қалыптасады. Студенттер жаңартылған білім беру

платформасының талаптарына сәйкес келетін «Дене шынықтыру» оқу пәнін ұйымдастыру және өткізу үшін оқу құжаттамасын дайындау және әзірлеу дағдыларын меңгереді. Студенттер практикалық қызметте оқыту әдістерін, ақпараттық және цифрлық ресурстарды, заманауи технологияларды, оның ішінде жасанды интеллектті пайдалана алады.

**Пререквизиттері:** «Гимнастика оқыту әдістемесімен», «Жеңіл атлетика оқыту әдістемесімен», «Дене шынықтыру және спорт психологиясы және педагогикасы»

**Постреквизиттері:** «Дене шынықтыру және спорттағы IT және цифрлық ресурстар (ЖИ)», «Балалар-жасөспірімдер спортының теориясы мен әдістемесі», «Спорт және кәсіби-қолданбалы дене дайындығының негіздері»

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Студенттер дене шынықтыру және спорт саласындағы негізгі теориялық білімді меңгеріп, спорттық жаттығулар мен әдістемелерді сипаттай алады. В) Студенттер алған білімдерін қолдана отырып, спорттық жаттығулар мен жаттығу бағдарламаларын тиімді жоспарлай және жүзеге асыра алады. С) Студенттер кәсіби нормалар мен қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, жеке және командалық сабақтарды ұйымдастыра және бағалай алады. D) Студенттер өз оқу процесін дербес жоспарлап, денсаулық пен физикалық дайындығын бақылап, спорттық мақсаттарды өздігінен жүзеге асыра алады. E) Студенттер білімін үздіксіз жетілдіріп, жаңа спорттық әдістемелерді игеріп, өмір бойы қолдана алады.

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық

**Бағдарлама авторы:**

**Курсты оқытудың мақсаты:** білім беру ұйымдарын басқарудың теориялық негіздерін меңгерту, білім беру жүйесінде тиімді басқару мен көшбасшылық дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ болашақ мамандардың басқарушылық мәдениетін дамыту.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** "Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық" пәні білім беру жүйесіндегі негізделген қажеттілік ретінде еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап береді, нақты жағдайларды талдау және диагностикалау дағдыларын дамытады. Пәнді оқытудың мақсаты білім берудегі көшбасшылықты ұйымды басқару құралы ретінде қолдану аясында қарастыруға негізделген және болашақ мамандардың көшбасшылық әлеуетін психологиялық-педагогикалық құрал ретінде дамытуға, болашақ білім беру көшбасшысы ретіндегі білім алушының рефлексивті құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Пәнді оқу барысында білім алушы ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдер қабылдау дағдыларын меңгереді, білім берудегі барлық мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптасады және жетілдіріледі.

**Пререквизиттері:** «Педагогика», «Дене шынықтыру және спорт психологиясы және педагогикасы»

**Постреквизиттері:** «Спорт және кәсіби-қолданбалы дене дайындығының негіздері», «Балалар-жасөспірімдер спортының теориясы мен әдістемесі»

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Студенттер білім беру ұйымын басқару және көшбасшылық теориялары туралы негізгі ақпаратты меңгеріп, басқару және көшбасшылық ұғымдарын сипаттай алады. В) Студенттер алған білімдерін қолдана отырып, оқу ұйымында басқару шешімдерін қабылдай алады және көшбасшылық әдістерін іс жүзінде қолданады. С) Студенттер білім беру процесін ұйымдастыра отырып, командалық жұмысты үйлестіріп, қызметкерлер мен студенттердің әрекеттерін тиімді басқара алады. D) Студенттер өз оқу және кәсіби іс-әрекеттерін дербес жоспарлап, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін басқару әрекеттерін ұйымдастыра алады. E) Студенттер үздіксіз кәсіби дамып, жаңа менеджмент және көшбасшылық әдістерін игеріп, оқу мекемесінің дамуына енгізе алады.

## Модуль 7.1 Мектептегі спорттық ойындар

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Волейбол оқыту әдістемесімен

**Бағдарлама авторы:** Хақимова З.А.

**Курсты оқытудың мақсаты:** студенттерге волейбол ойынын үйрету жолдарын меңгерту, ойынның негізгі тәсілдерін дұрыс орындауға үйрету және сабақтарды дұрыс ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пәнді оқу жалпы білім беретін мектепте волейболдан сабақ ұйымдастыру және өткізу үшін студенттерді теориялық және практикалық біліммен қаруландыруға мүмкіндік береді. Студенттер арасында волейболдың пайда болу және даму тарихы, ойын әдістерін жіктеу, волейбол ережелері және жарыстарды төрешілік әдістемесі туралы жалпы түсінік қалыптастыру. Курс мазмұнында келесі бөлімдер қарастырылады: дене тәрбиесі және халықты сауықтыру жүйесіндегі волейбол; техникалық әдістердің жіктелуі және ойын тактикасының негіздері. Студенттер оқу барысында қолданылатын педагогикалық принциптер мен ережелермен танысады.

**Пререквизиттері:** «Жеңіл атлетика оқыту әдістемесімен», «Қозғалмалы ойындар оқыту әдістемесімен»

**Постреквизиттері:** «Мектепте спорттық ойындар (волейбол, баскетбол)», «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі», «Шағын кешенді мектептегі дене тәрбиесі»

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Студенттер волейболдың негізгі ережелері мен тактикаларын меңгеріп, ойынның негізгі элементтерін сипаттай алады. В) Студенттер алған білімін қолдана отырып, волейбол жаттығулары мен ойын элементтерін дұрыс орындауды тәжірибеде көрсете алады. С) Студенттер жаттығулар мен ойындарды ұйымдастыра отырып, командалық ойын барысында стратегияны жүзеге асыра және ойыншылардың әрекеттерін бағалай алады. D) Студенттер өз оқу және жаттығу процесін дербес жоспарлап, спорттық жаттығуларды ұйымдастыра және ойын стратегиясын жүзеге асыра алады. E) Студенттер өз кәсіби дағдыларын дамытып, жаңа жаттығу әдістемелерін игеріп, өмір бойы спорттық біліктілікті жетілдіре алады.

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Мектептегі спорттық ойындар (футбол, гандбол)

**Бағдарлама авторы:** Жиембаев А.Ш.

**Курсты оқытудың мақсаты:** студенттерге мектеп жағдайында футбол және гандбол ойындарын оқыту әдістерін үйрету, спорттық ойындардың негізгі ережелері мен тәсілдерін меңгерту және сабақтарды тиімді ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Осы пәннің мазмұнында мыналар қарастырылады "футбол", "гандбол", "спорттық ойындар", "дене шынықтыру сабағы" ұғымдары. Ойын әрекеті туралы түсінік беріледі. Спорттық ойындар (футбол, гандбол) бойынша сабақтарды өткізу әдістемесі туралы түсінік қалыптасады. Орта және жоғары сынып оқушылары. Бұл пән спорттық ойындар бойынша жарыстарды ұйымдастыру және өткізу бойынша практикалық дағдыларды алуға мүмкіндік береді. Осы курсты оқу барысында студенттер балалардағы қателіктерді анықтау және түзетуде және оларды түзету дағдыларын дамытады.

**Пререквизиттері:** «Жеңіл атлетика оқыту әдістемесімен», «Баскетбол оқыту әдістемесімен», «Қозғалмалы ойындар оқыту әдістемесімен»

**Постреквизиттері:** «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі», «Спорт және кәсіби-қолданбалы дене дайындығының негіздері»

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Студенттер футбол мен гандбол ережелерін және негізгі тактикаларын меңгеріп, ойынның негізгі элементтерін сипаттай алады. В) Студенттер алған білімін қолдана отырып, спорттық жаттығулар мен ойын элементтерін практикада орындай алады. С) Студенттер сабақтарды ұйымдастыра отырып, командалық ойын стратегиясын жүзеге асыра және ойыншылардың әрекеттерін бағалай алады. D) Студенттер өз оқу және жаттығу процесін дербес жоспарлап, спорттық жаттығулар мен ойын стратегиясын ұйымдастыра алады. E) Студенттер кәсіби дағдыларын дамытып, жаңа жаттығу әдістемелерін игеріп, өмір бойы спорттық біліктілікті жетілдіре алады.

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Дене шынықтыру және спорт гигиенасы

**Бағдарлама авторы:** Жумабаева А.Ж.

**Курсты оқытудың мақсаты:** студенттерге дене шынықтыру және спортпен айналысу кезінде денсаулықты сақтау, қауіпсіздік шараларын орындау және гигиеналық дағдыларды қалыптастыру жолдарын үйрету.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл курсты оқу кезінде студенттер "гигиена", "гигиеналық факторлар", "тамақтану", "дене белсенділігі" деген негізгі ұғымдармен танысады. Келесі бөлімдер зерттеледі: мотор белсенділігі гигиеналық фактор ретінде, спортшыларды дайындаудағы гигиеналық факторлар жүйесі. Дене шынықтырумен және спортпен шұғылдану кезінде дене жүктемелерін нормалау дағдылары алынады. Мектепте және жекелеген спорт түрлерінде дене тәрбиесін гигиеналық қамтамасыз ету негіздері қарастырылады Курсты оқу барысында оқытудың интерактивті әдістері қолданылады.

**Пререквизиттері:** «Адам анатомиясы», «Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы»

**Постреквизиттері:** «Спорттық медицина және допингке қарсы бақылау», «Массаж негіздері және спорттық жарақаттану»

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Студенттер дене шынықтыру және спорт гигиенасының негізгі ережелері мен принциптерін меңгеріп, денсаулық сақтау шараларын сипаттай алады. В) Студенттер алған білімін қолдана отырып, жаттығулар алдында жылыту, салқындату және құралдарды дұрыс қолдануды практикада көрсете алады. С) Студенттер сабақтарды ұйымдастыра отырып, оқушылардың қауіпсіздігі мен гигиеналық талаптарын қамтамасыз ете алады. D) Студенттер өз оқу және кәсіби іс-әрекеттерін дербес жоспарлап, спорттық және гигиеналық нормаларды сақтай отырып сабақтарды ұйымдастыра алады. E) Студенттер кәсіби дағдыларын дамытып, жаңа гигиеналық әдістемелерді игеріп, спорттық қауіпсіздік пен денсаулықты өмір бойы сақтай алады.

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Спорттық құрылыстар

**Бағдарлама авторы:** Бекмаганбетов О.А.

**Курсты оқытудың мақсаты:** студенттерге спорт нысандарының түрлерін, олардың құрылысын, негізгі параметрлері мен пайдалану ерекшеліктерін үйрету, спорттық нысандарды дұрыс ұйымдастыру және пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Осы пәннің мазмұнында: спорт түрлері бойынша спорт құрылыстарының қысқаша сипаттамасы. Бұл курстың мазмұны студенттерге барлық типтегі спорт ғимараттарының жіктелуімен және құрылыс нормаларымен танысуға мүмкіндік береді. Студенттер әр түрлі спорт ғимараттарының мөлшері, ерекшеліктері мен негізгі жабдықтары және оны пайдалану шарттары туралы ақпарат алады.

**Пререквизиттері:** «Гимнастика оқыту әдістемесімен», «Баскетбол оқыту әдістемесімен», «Шаңғы спорты оқыту әдістемесімен»

**Постреквизиттері:** «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі», «Шағын кешенді мектептегі дене тәрбиесі»

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Студенттер спорттық құрылыстардың түрлері, конструкциялары мен материалдарын меңгеріп, спорттық ғимараттардың негізгі элементтерін сипаттай алады. В) Студенттер алған білімін қолдана отырып, спорттық ғимараттарды жобалау және құрылысын жоспарлау дағдыларын практикада көрсете алады. С) Студенттер жобалау және құрылыс процесін ұйымдастыра отырып, спорттық ғимараттардың қауіпсіздігі мен функционалдығын бағалай алады. D) Студенттер өз оқу және кәсіби іс-әрекеттерін дербес жоспарлап, спорттық құрылыстардың жобаларын жүзеге асыра алады. E) Студенттер кәсіби дағдыларын дамытып, жаңа спорттық құрылыстар жобалау әдістемелерін игеріп, тәжірибеде қолдана алады.

## Модуль 7.2 Оқыту процесінің теориясы мен әдістемесі

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Үстел ойындары және оқыту әдістері (дойбы, шахмат, үстел теннисі)

**Бағдарлама авторы:** Бекмаганбетов О.А.

**Курсты оқытудың мақсаты:** студенттерге үстел ойындарын (дойбы, шахмат, үстел теннисі) оқытудың әдістемесін үйрету, ойын ережелерін меңгерту және сабақтарды тиімді ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пәннің мазмұны оның мақсаты мен міндеттерін ашады. Оқушылар үстел ойындарының мазмұнымен танысады. Ойын әрекеті туралы түсінік беріледі. Мектеп оқушыларының дене тәрбиесіндегі үстел ойындарының маңызы қарастырылады. Бұл курста студенттерге әртүрлі жастағы балалармен дене шынықтыру сабақтарында ойын жүргізу әдістемесі ұсынылады. Студенттер дене шынықтыру сабағында сыныптан және мектептен тыс жұмыстарда үстел ойындарын қолдану бойынша білім мен дағдыларды меңгереді. Бұл пән студенттерге үстел ойындары бойынша жарыстарды ұйымдастыру және өткізу бойынша практикалық дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді.

**Пререквизиттері:** «Дене шынықтыру және спорт психологиясы және педагогикасы», «Қозғалмалы ойындар оқыту әдістемесімен»

**Постреквизиттері:** «Шахматты оқыту және оқыту әдістемесі», Таңдаған спорт түріндегі спорттық-педагогикалық жетілдіру (шахмат)

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Студенттер дойбы, шахмат және үстел теннисі ережелері мен негізгі стратегияларын меңгеріп, ойын элементтерін сипаттай алады. В) Студенттер алған білімін қолдана отырып, ойын техникасын практикада көрсете және жаттығуларды дұрыс орындай алады. С) Студенттер сабақтарды ұйымдастыра отырып, оқушылардың ойын әрекеттерін бағалап, стратегияларды жүзеге асыра алады. D) Студенттер өз оқу және жаттығу процесін дербес жоспарлап, ойындарды ұйымдастыра және оқыту әдістемесін жүзеге асыра алады. E) Студенттер кәсіби дағдыларын дамытып, жаңа оқыту әдістемелерін игеріп, ойын дағдыларын өмір бойы жетілдіре алады.

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Жалпы білім және спорт мекемелерінде дене шынықтыру жұмыстары бойынша жоспарлау құжаттары

**Бағдарлама авторы:** Өтегенов Н.Ө.

**Курсты оқытудың мақсаты:** студенттерге мектептер мен спорт ұйымдарында дене шынықтыру сабақтары мен іс-шараларын жоспарлау, оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру және әртүрлі жоспарлау құжаттарын дұрыс жүргізу дағдыларын үйрету.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Курсты оқу студенттерге жалпы білім беретін және спорт мекемелеріндегі дене шынықтыру бойынша негізгі құжаттарды жоспарлауға қойылатын талаптар туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Студенттер жоспарлаудың түрлерімен және жоспарлау құжаттарын әзірлеу технологиясымен танысады. Студенттер дене шынықтыру сабақтарын өткізу үшін оқу құжаттамасын құрастыруға қажетті жоспарлаудың әдістемелік реттілігі туралы белгілі бір дағдылар мен дағдыларды алады. Студенттер жоспарлауда талап етілетін міндеттерді шешу үшін сабақтардың әдістері мен формаларын талдап, таңдай алады.

**Пререквизиттері:** «Ғылыми зерттеу әдістері», «Дене шынықтыру және спорт психологиясы және педагогикасы»

**Постреквизиттері:** «Спорт және кәсіби-қолданбалы дене дайындығының негіздері», «Балалар-жасөспірімдер спортының теориясы мен әдістемесі»

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Студенттер дене шынықтыру сабақтары мен спорттық іс-шараларды жоспарлау құжаттарын меңгеріп, жоспарлау құжаттарының мазмұнын сипаттай алады. В) Студенттер алған білімін қолдана отырып, жаттығулар мен сабақтардың апталық, айлық және жылдық жоспарын жасай алады. С) Студенттер жоспарларды жүзеге асыра отырып, дене шынықтыру сабақтарының қауіпсіздігін, гигиенасын және тиімділігін бағалай алады. D) Студенттер өз іс-әрекетін дербес ұйымдастырып, дене шынықтыру сабақтары мен спорттық іс-шаралардың жоспарын толық жүзеге асыра алады. E) Студенттер кәсіби дағдыларын дамытып, жаңа жоспарлау әдістемелерін игеріп, дене шынықтыру жұмысын өмір бойы жетілдіре алады.

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Дене тәрбиесі құралдарымен бейімдеу және инклюзивті білім беру

**Бағдарлама авторы:** Хакимова З.А.

**Курсты оқытудың мақсаты:** студенттерге дене тәрбиесі сабақтарында әртүрлі мүмкіндігі бар оқушыларға бейімделген әдістер мен құралдарды қолдануды үйрету, инклюзивті білім беру жағдайында тиімді оқу процесін ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл курсты оқу барысында "бейімделген білім беру", "инклюзивті білім беру", "дене тәрбиесі" сияқты ұғымдар қарастырылады. Студенттер бейімделгіш және инклюзивті білім берудің міндеттері, нысандары мен мазмұны мен жай-күйі, дене шынықтыру құралдары туралы ақпарат алады. Бейімделгіш дене шынықтырудың құралдары мен әдістері туралы ақпарат қалыптасады. Студенттер мүмкіндігі шектеулі оқушылармен сабақ өткізу дағдыларын игереді. Пән оқушылардың денсаулық жағдайын ескере отырып, сабақ өткізу әдістемесімен таныстырады.

**Пререквизиттері:** «Инклюзивті білім беру», «Дене шынықтыру және спорт психологиясы және педагогикасы»

**Постреквизиттері:** «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі», «Дене тәрбиесі және спорт физиологиясы»

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Студенттер инклюзивті білім беру принциптерін және бейімделген дене тәрбиесі құралдарын меңгеріп, оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес сабақтарды сипаттай алады. В) Студенттер алған білімін қолдана отырып, бейімделген құралдарды пайдаланып, әр түрлі мүмкіндігі бар оқушыларға арналған жаттығуларды ұйымдастыра алады. С) Студенттер сабақтарды бейімдей отырып, оқушылардың физикалық дамуын бағалап, олардың жеке қажеттіліктеріне сай стратегияларды жүзеге асыра алады. D) Студенттер өз оқу және кәсіби іс-әрекетін дербес жоспарлап, инклюзивті сабақтарды ұйымдастыра және жүргізе алады. E) Студенттер кәсіби дағдыларын дамытып, жаңа бейімдеу әдістемелерін игеріп, инклюзивті дене тәрбиесін өмір бойы жетілдіре алады.

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Спорттық ғимараттарын заманауи жоспарлау және салу

**Бағдарлама авторы:** Бекмаганбетов О.А.

**Курсты оқытудың мақсаты:** студенттерге спорттық ғимараттарды жобалау, жоспарлау және салу бойынша заманауи әдістерді үйрету, спорттық нысандарды тиімді, қауіпсіз және талаптарға сәйкес ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пәнді оқу қазіргі заманғы жоспарлау және спорт ғимараттарын салу туралы ақпаратты қамтиды. Спорт ғимараттарының жіктелуі мен категориясы келтірілген. Пән спорт нысандарын салу кезінде қажетті нормативтік мәліметтермен және талаптармен таныстырады. Спорт ғимараттарын ұйымдастыру және пайдалану негіздері туралы білім қалыптасады. Спорт ғимараттарын жарықтандыру және температуралық режимі бойынша СЭС нормалары бойынша ақпарат берілетін болады. Студенттер қарапайым спорт ғимараттарын салу саласындағы білімді меңгереді.

**Пререквизиттері:** «Гимнастика оқыту әдістемесімен», «Баскетбол оқыту әдістемесімен», «Шаңғы спорты оқыту әдістемесімен»

**Постреквизиттері:** «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі», «Шағын кешенді мектептегі дене тәрбиесі»

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Студенттер спорттық ғимараттардың түрлері, конструкциялары және заманауи жобалау әдістерін меңгеріп, жобалау принциптері мен негізгі элементтерін сипаттай алады. В) Студенттер алған білімін практикада қолдана отырып, заманауи технологияларды пайдаланып спорттық ғимараттарды жобалау және салу дағдыларын көрсете алады. С) Студенттер жобаларды жүзеге асыра отырып, спорттық ғимараттардың қауіпсіздігі, функционалдығы және сапасын бағалай алады. D) Студенттер өз кәсіби іс-әрекетін дербес жоспарлап, спорттық ғимараттардың заманауи жобаларын ұйымдастыра және жүзеге асыра алады. E) Студенттер кәсіби дағдыларын дамытып, жобалау және құрылыс әдістерін игеріп, спорттық ғимараттарды жетілдіру бойынша тәжірибесін өмір бойы дамыта алады.

## Модуль 8.1. Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі және менеджмент

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Дене шынықтыру және спортты менеджменті және маркетингі

**Бағдарлама авторы:** Хакимова З.А.

**Курсты оқытудың мақсаты:** студенттерге дене шынықтыру және спорт саласында басқару және маркетинг негіздерін үйрету, спорт ұйымдарын тиімді басқару, қызметтерді жоспарлау және нарықта дұрыс жарнамалау дағдыларын қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Курсты оқу барысында студенттер «менеджмент», «спорт менеджері», «басқарушылық қызмет», «спорттық маркетинг» ұғымдарын меңгереді. Маркетингтің мәні мен функциялары, спортты басқарудағы маркетингтік көзқарас, басқарудың функциялары, принциптері мен әдістері, дене шынықтыру және спортты басқару органдары мен мемлекеттік басқару органдары жүйесі туралы идеялар қалыптасады. Отандық және халықаралық спорттық маркетинг пен менеджмент тәжірибесі зерттелуде. Бұл пәннің мазмұнын қарастырады білім беру қызметі саласындағы маркетинг және дене шынықтыру мен спорттағы басқарудың жүйелік сипаты. Оқытудың интерактивті әдістері қолданылады. Студенттер білім берудегі заманауи маркетинг және менеджмент негіздері бойынша білім алады.

**Пререквизиттері:** «Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық», «Жалпы білім және спорт мекемелерінде дене шынықтыру жұмыстары бойынша жоспарлау құжаттары»

**Постреквизиттері:** «Балалар-жасөспірімдер спортының теориясы мен әдістемесі», «Спорт және кәсіби-қолданбалы дене дайындығының негіздері»

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Студенттер спорттық менеджмент және маркетинг негіздерін меңгеріп, спорттық ұйымдарды басқару принциптерін сипаттай алады. В) Студенттер алған білімін қолдана отырып, спорттық ұйымдарды басқару, маркетингтік стратегияларды құру және жүзеге асыру дағдыларын практикада көрсете алады. С) Студенттер ұйымдық және маркетингтік процестерді басқарып, қаржылық жоспарлау мен стратегияларды бағалай алады. D) Студенттер өз кәсіби іс-әрекетін дербес жоспарлап, спорттық ұйымдарды басқару және маркетингтік жобаларды жүзеге асыра алады. E) Студенттер кәсіби дағдыларын дамытып, жаңа басқару және маркетинг әдістерін игеріп, спорт саласында өз кәсіби деңгейін өмір бойы жетілдіре алады.

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі

**Бағдарлама авторы:** Өтегенов Н.Ө.

**Курсты оқытудың мақсаты:** студенттерге дене тәрбиесінің негізгі теориялық негіздерін үйрету, оқу процесінде қолданылатын әдістемелік тәсілдер мен практикалық дағдыларды қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Дене шынықтыру теориясының оқу және ғылыми пәнінің құрылымы. Дене тәрбиесі процесінде тұлғаның бағытталған дамуы. Негізгі түсініктерді анықтау: дене дамуы, дене жаттығулары, дене бітімі, дене дайындығы, дененің жетілуі, дене тәрбиесі жүйесі, дене мәдениеті, спорт. Дене шынықтыру және спорт саласындағы маманның өзіндік кәсіби дайындығы және қоғамдағы орны. Дене шынықтыру теориясындағы әдістер мен әдістемелік негіздер және теориялық зерттеулерді қорытындылау логикасы, ғылыми-зерттеулерге деген жалпы ғылыми және интеграциялық көзқарастары.

**Пререквизиттері:** «Дене шынықтыру және спорт психологиясы және педагогикасы», "Дене шынықтыру және спорт" пәнін оқыту әдістемесімен (ЖИ)

**Постреквизиттері:** «Балалар-жасөспірімдер спортының теориясы мен әдістемесі», «Спорт және кәсіби-қолданбалы дене дайындығының негіздері»

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Студенттер дене тәрбиесінің теориялық негіздерін және физиологиялық-психологиялық аспектілерін меңгеріп, дене тәрбиесінің негізгі принциптерін сипаттай алады. В) Студенттер алған білімін қолдана отырып, жаттығулар мен сабақтарды тиімді ұйымдастыра алады. С) Студенттер сабақтарды ұйымдастыра отырып, оқушылардың физикалық дамуын бақылап, олардың қажеттіліктеріне сәйкес әдістемелерді қолдана алады. D) Студенттер өз кәсіби іс-әрекетін дербес жоспарлап, дене тәрбиесі сабақтарын толық ұйымдастыра және жүргізе алады. E) Студенттер кәсіби дағдыларын дамытып, жаңа әдістемелерді игеріп, дене тәрбиесінің сапасын өмір бойы жетілдіре алады.

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Футбол оқыту әдістемесімен

**Бағдарлама авторы:** Жиембаев А.Ш.

**Курсты оқытудың мақсаты:** студенттерге футбол ойынын оқыту әдістерін үйрету, ойын техникасы мен тактикасын дұрыс меңгерту және оқу-жаттығу процесін тиімді ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пәнді оқу жалпы білім беретін мектепте футбол сабақтарын ұйымдастыру және өткізу үшін студенттерді теориялық және практикалық біліммен қаруландыруға мүмкіндік береді. Студенттерде футболдың пайда болу және даму тарихы, ойын әдістерінің жіктелуі, футбол ойынының ережелері және жарыстарды төрешілік әдістемесі туралы жалпы түсінік қалыптастыру. Курстың

мазмұнында келесі бөлімдер қарастырылады: дене тәрбиесі және халықты сауықтыру жүйесіндегі футбол; техникалық әдістердің жіктелуі және ойын тактикасының негіздері.

**Пререквизиттері:** «Жеңіл атлетика оқыту әдістемесімен», «Гимнастика оқыту әдістемесімен»

**Постреквизиттері:** «Балалар-жасөспірімдер спортының теориясы мен әдістемесі», «Спорт және кәсіби-қолданбалы дене дайындығының негіздері», «Жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық шеберлігі»

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Студенттер футболдың ережелері мен негізгі стратегияларын меңгеріп, ойын элементтерін сипаттай алады. В) Студенттер алған білімін қолдана отырып, футбол техникасын практикада көрсете және жаттығуларды дұрыс орындай алады. С) Студенттер сабақтарды ұйымдастыра отырып, оқушылардың ойын әрекеттерін бағалап, стратегияларды жүзеге асыра алады. D) Студенттер өз оқу және жаттығу процесін дербес жоспарлап, футбол сабақтарын және ойындарды ұйымдастыра алады. E) Студенттер кәсіби дағдыларын дамытып, жана оқыту әдістемелерін игеріп, футбол техникасы мен тактикасын өмір бойы жетілдіре алады.

## Модуль 8.2 Спорттық-психологиялық

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Спорттық ұжымда қарым-қатынастық психологиясын және шиеліністерді басқару

**Бағдарлама авторы:** Хақимова З.А.

**Курсты оқытудың мақсаты:** студенттерге спорттық ұжымдағы қарым-қатынас заңдылықтарын, психологиялық ерекшеліктерін түсіндіру және конфликтілер мен шиеленістерді тиімді басқару дағдыларын үйрету.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пән курсының мазмұны спорттық ұжымдағы қарым-қатынас пен белсенділік арасындағы байланыс туралы негізгі мәліметтерден тұрады. Студенттер спорттағы жанжалдардың алдын алу мәселелерін шешудің теориялық және әдістемелік тәсілдері туралы білім алады және конфликттік жағдайларды басқару әдістерін, өзгерістер жағдайында олардың алдын алу ерекшеліктерін меңгереді. Студенттер проблемалық кәсіптік және білім беру жағдайларын талдау, конфликтсіз кәсіби қарым-қатынас пен өзара әрекетті ұйымдастыру, жеке және бірлескен шешімдер қабылдау тәжірибесін алады.

**Пререквизиттері:** «Педагогика», «Дене шынықтыру және спорт психологиясы және педагогикасы»

**Постреквизиттері:** «Спорт және кәсіби-қолданбалы дене дайындығының негіздері», «Жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық шеберлігі»

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Студенттер спорттық ұжымдағы психологиялық қатынастар мен шиеленістерді басқару принциптерін меңгеріп, командалық психологияның негізгі элементтерін сипаттай алады. В) Студенттер алған білімін қолдана отырып, ұжымдағы қатынастарды талдай алады және конфликт жағдайларын тиімді шешеді. С) Студенттер командалық динамиканы басқарып, қарым-қатынас пен шиеленістерді бағалап, шешу стратегияларын жүзеге асыра алады. D) Студенттер өз кәсіби іс-әрекетін дербес жоспарлап, спорттық ұжымда коммуникацияны ұйымдастырып, конфликттерді тиімді басқара алады. E) Студенттер кәсіби дағдыларын дамытып, жаңа психологиялық әдістерді игеріп, ұжымдағы қарым-қатынас пен шиеленістерді өмір бойы тиімді басқара алады.

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Шахматты оқыту және оқыту әдістемесі

**Бағдарлама авторы:** Бекмағанбетов О.А.

**Курсты оқытудың мақсаты:** шахмат негіздерін, логикалық және стратегиялық ойлауды дамыту арқылы ойын арқылы білім мен дағдыларды тиімді үйрету әдістемесін меңгерту.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пәннің мазмұны шахматтың негізгі ұғымдарын, ойын тәртібін анықтайтын ережелерін қарастырады. Курс барысында студенттер ойынның ұғымдарын меңгереді: «стратегия», «терминология», «шахмат тақтасы», «шахмат теориясы». Шахмат ойынын оқытудың әдістемелік негіздері, шахмат тақтасының геометриясы және фигуралардың қозғалысы ережелері оқытылады. Мектеп оқушыларына үстел ойындарын оқыту әдістемесі туралы идеялар қалыптасады. Шахмат саласындағы отандық және халықаралық спорттық қозғалыс тәжірибесі зерттеледі. Оқушылар ойынды оқытудың әдістері мен формаларымен танысады. Студенттерге шахмат ойнауға бастапқы оқытудың мәселелерін шешу жолдарын білу ұсынылады. Оқытудың интерактивті әдістері қолданылады.

**Пререквизиттері:** «Үстел ойындары және оқыту әдістері (дойбы, шахмат, үстел теннисі)», «Дене шынықтыру және спорт психологиясы және педагогикасы»

**Постреквизиттері:** «(Мектепте спорттық ойындар (волейбол, баскетбол)», «Спорт және кәсіби-қолданбалы дене дайындығының негіздері»

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Студенттер шахмат ережелері мен негізгі стратегияларын меңгеріп, ойын элементтері мен негізгі комбинацияларды сипаттай алады. В) Студенттер алған білімін қолдана отырып, шахмат тактикасын практикада көрсете алады және жаттығуларды тиімді жүргізеді. С) Студенттер сабақтарды ұйымдастыра отырып, ойыншылардың нәтижелерін бағалап, стратегияларды жүзеге асыра алады. D) Студенттер өз кәсіби іс-әрекетін дербес жоспарлап, шахмат сабақтарын және ойындарды толық

ұйымдастыра алады. Е) Студенттер кәсіби дағдыларын дамытып, жаңа оқыту әдістемелерін игеріп, шахмат техникасы мен стратегиясын өмір бойы жетілдіре алады.

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Футболдағы жаттығу үрдісінің негіздері

**Бағдарлама авторы:** Жиембаев А.Ш.

**Курсты оқытудың мақсаты:** физикалық, техникалық, тактикалық және психологиялық дайындық негіздерін үйрету арқылы тиімді жаттығу үрдісін ұйымдастыру әдістемесін меңгерту.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пәннің мазмұнында футболдағы жаттығу процесін жоспарлау және ұйымдастыру негіздері, оқу-жаттығу сабақтарын өткізудің әдістемелік негіздері және оқытудың қазіргі заманғы техникалық құралдарын пайдалана отырып жаттығулар өткізу қарастырылады. Студенттер спортшыларды іріктеу мен команда қызметінің дұрыс ұйымдастырылуымен танысады. Студенттер спортшыларды даярлауды басқару, жаттығу процесін жоспарлау және ұйымдастыру, футбол жарыстарында команданы басқару ерекшеліктері туралы білім алады. Бұл курстың мазмұны студенттерге спорттық дайындықты болжау және модельдеу әдістерімен, спортшылардың дайындығын бақылау әдістерімен танысуға мүмкіндік береді.

**Пререквизиттері:** «Жеңіл атлетика оқыту әдістемесімен», «Гимнастика оқыту әдістемесімен»

**Постреквизиттері:** «Балалар-жасөспірімдер спортының теориясы мен әдістемесі», «Спорт және кәсіби-қолданбалы дене дайындығының негіздері», «Жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық шеберлігі»

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Студенттер жаттығу үрдісінің принциптерін меңгеріп, футболдағы жаттығу түрлері мен құрылымын сипаттай алады. В) Студенттер алған білімін қолдана отырып, ойыншылардың физикалық және техникалық дағдыларын дамытуға арналған жаттығуларды ұйымдастыра және жүргізе алады. С) Студенттер жаттығулардың тиімділігін бағалап, футболшылардың физикалық және техникалық деңгейіне сәйкес үрдісті түзете алады. D) Студенттер жаттығуларды дербес жоспарлап, командалық деңгейде жаттығу үрдісін ұйымдастыра алады. Е) Студенттер кәсіби дағдыларын дамытып, жаңа жаттығу әдістерін игеріп, футболшылардың дайындық деңгейін өмір бойы жетілдіре алады.

## Модуль 9.Бағалаудың өлшемдік және туризм

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Бағалаудың өлшемдік технологиясы

**Бағдарлама авторы:** Хақимова З.А.

**Курсты оқытудың мақсаты:** білімін, дағдысы мен қабілеттерін нақты өлшенетін критерийлер арқылы бағалай білуге және оқу процесін тиімді басқаруға үйрету.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Оқу-тәрбие процесінде білім алушылардың білім деңгейін анықтауда критериялды бағалаудың маңызы ерекше. Білім беру процесінде білім алушылардың білім көрсеткішін арттырумен қатар олардың жеке тұлғалық қасиеттері мен құзыреттіліктеріне, қоршаған ортада қарым-қатынас жасай білу қабілеттіліктеріне, өзін-өзі жетілдіру бағыттарына да үлкен мән беру қажет. Критериялды бағалау алдын ала белгілі өлшемдерге сәйкес білім алушының жеке оқуын түзетуге мүмкіндік беруді, оқу мақсаттарына сәйкес күтілетін нәтижеге жетуде білім алушылардың білімін бағалауды қамтиды. Критериялды бағалау сабақтың барлық кезеңінде жүзеге асырылып, интерактивті оқытудың ұжымдық, топтық, жұптық түрлерінің барлығына өз тиімділігін көрсетеді, білімалушылардың тұлғалық қабілеттері мен қасиеттерін дамытуға мүмкіндік алады

**Пререквизиттері:** «Дене шынықтыру және спорт психологиясы және педагогикасы», «Дене шынықтыру және спорт пәнін оқыту әдістемесімен (ЖИ)»

**Постреквизиттері:** «Балалар-жасөспірімдер спортының теориясы мен әдістемесі», «Шағын кешенді мектептегі дене тәрбиесі»

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Студенттер бағалаудың өлшемдік технологиялары мен әдістерін меңгеріп, бағалаудың негізгі принциптері мен түрлерін сипаттай алады. В) Студенттер алған білімін қолдана отырып, оқу үрдісінде бағалауды ұйымдастыра және бағалау құралдарын тиімді қолдана алады. С) Студенттер бағалау нәтижелерін талдап, объективті бағалау критерийлерін анықтап, шешім қабылдай алады. D) Студенттер өз кәсіби іс-әрекетін дербес жоспарлап, бағалауды ұйымдастырып, нәтижелерді интерпретациялай алады. Е) Студенттер кәсіби дағдыларын дамытып, жаңа бағалау әдістерін игеріп, өлшемдік бағалауды өмір бойы жетілдіре алады.

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) E)

